

Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты

Педагогтердің біліктілігін көтеру және педагогикалық шеберліктерін арттыру бойынша жартыжылдық есеп

2021-2022 оқу жылы


Мектепте қыркүйек айында педагогтердің біліктілік арттыру курстарынан өтудің ұзақ мерзімді жоспары және тізімі жанартылды. 2022 жылы 15 педагог Ақмола облысы ПҚБАИ «Өрлеу», Педагогикалық шеберлік орталығында педагогтердің біліктілік арттыру курстарынан оту бойынша қажеттілік туралы мәлімет облыстық оқу-әдістемелік кабинетіне тапсырылды.

Барлығы мұғалім саны	Біліктілік курстан өткен мұғалімдердің саны	Біліктілік курс өтпеген мұғалімдердің саны және 2022 оқу жылы курстан өтуге жоспарланған	2022 оқу жылы курстан өтуге жоспарланған мұғалім саны (мерзімі келді)
29	14	7	8


Біліктілік арттыру курсы бойынша мониторинг
Барлығы педагог саны -29



Педагогтердің педагогикалық шеберліктерін арттыру мақсатында мектепшілік коучинг, семинар-тренинг және шебер-сыныптар өткізілді. Мектептің ғылыми-әдістемелік жұмыс жоспары негізінде физика, математика, информатика мұғалімдері арасында қазан айында физика пәнінің мұғалімі Сятынсін Д.Г. «Есептер шығару арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамыту» тақырыбында, желтоқсан айында педагог-зерттеуші санатындағы математика пәнінің мұғалімдері Куспекова К.М. және Шалабаева А.Б. «Сабақта табысқа жетуге жағдай туғызу тәсілдері» тақырыбында оқу-әдістемелік семинарлар өткізді. Семинарлар барысында пән мұғалімдері әртүрлі деңгейдегі есептер шығару арқылы оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, өмірмен байланыстыру жолдарымен танысты, сабақта табысқа жетуге жағдай туғызу тәсілдері бойынша әдістемелік ұсыныстар алды. Семинарлар ұтымды және пайдалы өтті




Қараша айында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ахат А.Д. педагогтер арасында «Жаксы мұғалім-дарынды оқушы-нәтижелі мектеп» тақырыбында коучинг өткізді.



Қараша айында «Абай мектептері» желісі оқу ұйымдарына арналған республикалық семинарда қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Ахат А.Д. «Проблемалық оқыту технологиясы - оқушының әрекетін белсендіру құралы ретінде» коучинг, Даулетқалиева Т.Б. «Шоқан Уәлихановтың қазақ әдебиетіне қосқан үлесі» тақырыбында шебер-сынып өткізді.



Қыркүйек айында «Ы. Алтынсарин және замануи білім» тақырыбы бойынша өткен облыстық «дөңгелек үстелде» биология пәнінің мұғалімі Торсунова Б.Р. «Құзретті жеке тұлға тәрбиесі мен замануи білім беруде оқу мекемесінің ерекшеліктері мен даму бағыты» атты баяндама оқып, мектеп тәжірибесімен бөлісті. Қараша айында география пәнінің мұғалімі Қали Ж.С. жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасының жұмыс істеу жайында білім беру ұйымдарын қартамен қамтамасыз ету мәселесін талқылау бойынша өткен «Теория. Іс-тәжірибе. Өндіріс» облыстық семинарға қатысты. Қараша айында ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде оқытатын ұйымдарының педагогтеріне арналған «Педагогикалық практика және облыс мектептеріне STEM енгізу тәжірибесі» тақырыбында өткен облыстық онлайн семинарға биология пәні мұғалімі Торсунова Б.Р. қатысты. Республикалық Абай желілік мектептерінің 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес қараша айында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Ахат А.Д., Онгарбай Ж., Даулеткалиева Т.Б., Муратов М.Б., «Абай және Алаш сабақтастығы: ағартушылық-әдістемелік аспекті» онлайн конференциясына, желтоқсан айында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Ахат А.Д., Онгарбай Ж., Даулеткалиева Т.Б., Муратов М.Б., тарих пәнінің мұғалімдері Алпыснаева С.А., Әдей Ж., математика пәні мұғалімі Шалабасва А.Б.« Оқу жетістіктерін бағалаудың заманауи тәсілдері: проблемалар, тәжірибелер, жетістіктер» тақырыбындағы онлайн семинарға қатысып білімдерін арттырды..



Дайындаған: Кусайпова С.З.-бейінді оқыту жөніндегі директордың орынбасары